8D10101 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге арналған «Глаукомамен ауыратын науқастарды медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету деңгейінде динамикалық бақылау жүйесін жетілдіру» тақырыбындағы Таушанова Майя Карибаевнаның диссертациялық жұмысының

АҢДАТПАСЫ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі:

Глаукома – жаһандық деңгей тұрғысынан алғанда маңызды медициналық-әлеуметтік мәселе болып табылады. 2020 жылы глаукомамен ауыратын адамдардың саны шамамен 76 миллионды құрады, ал 2040 жылға қарай бұл көрсеткіш 112 миллионға дейін өседі деп болжануда (Tham Y.C., 2014).

Глаукоманың әлем бойынша таралуының артуы Қазақстанда да байқалады. Глаукомаға байланысты мүгедектер саны 3,7 есе артып, соқырлыққа байланысты мүгедектік көрсеткіші бойынша екінші орынға шықты. 2014 жылдан бері елімізде көзі көрмейтін мүгедектердің 37,8%-ы глаукомамен ауырады, ал оның ішінде әрбір бесінші мүгедек (21,6%) еңбекке қабілетті адам болып келеді (Buribayeva Z., 2016). Глаукома көрсеткішінің артуы қарт және егде жастағы адамдар үлесінің өсуімен тікелей байланысты, бұл әлеуметтік және экономикалық мәселеге айналып отыр (Tashtitova L., 2022; Chan E., 2016).

Глаукоманың даму қарқынын тиімді бақылау үшін динамикалық бақылау маңызды рөл атқарады. Ол жүйелі диагностикалық шараларды өткізу және емдеу үрдісіне науқастардың белсенді қатысуы, мысалы, Глаукома мектебі сияқты білім беру бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады. Аталған бағдарламалар науқастарға өз ауру туралы білім беріп, дәрігердің ұсыныстарын орындаудың маңыздылығын түсіндіріп, науқастарға психоэмоционалды қолдау көрсетеді (Абдуллина В., 2015; Wahyuni A., 2023).

Зерттеу мақсаты: Медициналық - санитариялық алғашқы көмек деңгейінде глаукомамен ауыратын науқастарға динамикалық бақылауды жетілдіруге ғылыми негізделген тәсілдерді қалыптастыру.

Зерттеу міндеттері:

1. Глаукоманың біріншілік, жалпы аурушаңдық және мүгедектігік көрсеткіштеріне ретроспективті талдау жүргізу;
2. Глаукомамен ауыратын науқастарды динамикалық бақылау кезінде медициналық - санитариялық алғашқы көмек деңгейіндегі офтальмологтар арасында кездесетін ұйымдастырушылық мәселелерін зерттеу;
3. «Глаукома мектебі» білім беру бағдарламасын әзірлеу, глаукомамен ауыратын науқастарды емдеуді ұстануға және өмір сүру сапасын арттырудағы тиімділігін бағалау;
4. Медициналық - санитариялық алғашқы көмек деңгейінде глаукомамен ауыратын науқастарды динамикалық бақылауды жетілдіру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу материалдары және әдістері:

Диссертация аясында бір мезетті көлденең зерттеуді, сондай-ақ рандомизацияланбаған эксперименттік зерттеуді қамтитын аралас зерттеу дизайны (Combined Research Design) қолданылды.

Диссертациялық жұмыстың міндеттерін орындау үшін зерттеу бірнеше кезеңге бөлінді:

1-кезең. Зерттеудің бірінші кезеңінде глаукома аурушаңдығы мен мүгедектігінің негізгі көрсеткіштеріне ретроспективті талдау жүргізілді. Бұл үшін ҚР ДСМ «Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығының» 2015-2023 жылдардағы статистикалық деректері пайдаланылды. Мүгедектік көрсеткішін талдау үшін «ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау Комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті» РММ 2015-2023 жылдар аралығындағы №7 нысанды статистикалық деректері пайдаланылды.

2-кезең. Глаукомамен ауыратын науқастарға динамикалық бақылауды ұйымдастыру туралы офтальмологтардың пікірлерін зерттеу үшін авторлық сауалнама қолданылды (авторы М. А. Казанфарова, 2018 ж). Сауалнаманы пайдалануға автордан келісім алынды.

Зерттеу нысандары: Ақтөбе облысының офтальмолог-дәрігерлері.

Дәрігерлерді сауалнамаға қосу критерийлері: МСАК ұйымдарында жұмыс жасайтын дәрігер – офтальмологтар; зерттеуге қатысуға ақпараттандырылған келісімнің болуы. Шектеу критерийлері: глаукомамен ауыратын науқастармен тәжірибенің болмауы; балалар офтальмологтары; зерттеуге қатысудан бас тарту.

3-кезең. Зерттеу аясында жетекші офтальмологтармен және облыстық глаукоматологпен бірлесе отырып, науқастарға арналған «Глаукома мектебі» білім беру бағдарламасы әзірленіп, Ақтөбе қалалық №1 және №4 қалалық емханаларында ендірілді. «Глаукома мектебі» білім беру бағдарламасының тиімділігін бағалау үшін «дейін – кейін» типі бойынша рандомизацияланбаған эксперименттік зерттеу жүргізілді.

Науқастарды зерттеуге қосу критерийлері: глаукома диагнозы қойылған 18 жастан асқан науқастар; «Глаукома мектебі» білім беру бағдарламасына қатысу туралы ақпараттандырылған келісімнің болуы; МСАК деңгейінде динамикалық бақылауда тұрған науқастар.Шектеу критерийлері: глаукома диагнозы қойылған 18 жасқа толмаған науқастар; жүкті әйелдер; когнитивті функциялар бұзылысы бар науқастар; көру қабілетінен айырылған адамдар; зерттеуге қатысудан бас тартқан адамдар.

Науқастарға «Глаукома мектебінде» оқуға дейін және кейін сауалнамалар толтыру ұсынылды.Емдеуді ұстануын бағалау үшін MMAS-8 сауалнамасы, ал өмір сапасын зерттеу үшін NEI VFQ-25 сауалнамасы пайдаланылды.

4-кезең. Зерттеудің соңғы кезеңінде диссертациялық жұмыстың нәтижелеріне және алынған деректердің синтезіне сүйене отырып, МСАК деңгейінде глаукомамен ауыратын науқастарды динамикалық бақылау жүйесін жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар жасалды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1.Ақтөбе облысында глаукомамен ауыратын науқастардың біріншілік және жалпы аурушаңдық, сондай-ақ мүгедектік көрсеткіштеріне жүргізілген ретроспективті талдау олардың тұрақты өсу үрдісін көрсетті. Ақтөбе облысы біріншілік мүгедектік бойынша ҚР-да бірінші орында тұр. Ал соңғы бес ішінде біріншілік аурушаңдық көрсеткіші республикалық деңгейден 1,68 есе жоғары екені белгілі болды.

2.Медициналық-санитариялық алғашқы көмек деңгейінде глаукомамен ауыратын науқастарды динамикалық бақылауды ұйымдастырудағы негізгі мәселелер мен кемшіліктер анықталды: офтальмологтардың қабылдау уақытының жетіспеушілігі, жұмыс орнының материалдық-техникалық жабдықтармен жеткілікті дәрежеде жабдықталмауы, динамикалық бақылауда тұрған науқастардың тексеру мерзімділігі мен еселігінің қысқаруы және дәрігерлердің біліктілігін жетілдіру қажеттілігі.

3.«Глаукома мектебі» білім беру бағдарламасы әзірленіп, Ақтөбе қаласының емханаларына енгізілді, сондай-ақ оның емдеуді ұстануды және олардың өмір сүру сапасын арттырудағы тиімділігі дәлелденді.

4.Алынған деректер мен халықаралық тәжірибені талдау негізінде глаукомамен ауыратын науқастарды динамикалық бақылау жүйесін жетілдіруге арналған ғылыми негізделген ұсынымдар ұсынылды.

Зерттеу нәтижелері:

1. 2015-2023 зерттеу жылдары аралығында Ақтөбе облысы мен Ақтөбе қаласында глаукома бойынша аурушаңдық пен мүгедектік көрсеткіштерінің тұрақты өсуі байқалды. Біріншілік аурушаңдық Ақтөбе қаласында Төсу = 16,03%-ға, ал облыс бойынша Төсу = 23,48%-ға артты. Жалпы аурушаңдық көрсеткіші тиісінше Төсу =11,14% және Төсу =11,17% деңгейінде өсті. Біріншілік мүгедектіктің өсу қарқыны Төсу = 43,8%, ал жалпы мүгедектік көрсеткіші Төсу =28,6% құрады.

2. МСАК деңгейінде глаукомамен ауыратын науқастарды динамикалық бақылау сапасының төмендеуіне офтальмологтардың қабылдау уақытының жеткіліксіздігі, жұмыс орнының материалдық-техникалық жабдықталуының жеткіліксіздігі, науқастарды тексеру мерзімділігі мен еселігінің қысқаруы, сондай-ақ дәрігерлердің біліктілігін арттыру қажеттілігі негізгі себептер ретінде анықталды.

3. Зерттеу нәтижелері глаукома мектебінен кейін науқастардың емдеуді ұстану деңгейінің айтарлықтай артқанын көрсетті: орташа мәні 47 (±16)-дан 53 (±16)-ға дейін, медианасы 48 (35;6)-дан 55 (4;66)-ға дейін өсті ($p < 0,001$). Сонымен қатар, науқастардың өмір сапасы жақсарды: көздің ауырсыну деңгейі (40-тан 41.9-ға дейін), жақыннан көру қызметі (38.1-ден 50-ге дейін), қашықтықтан көру қызметі (41.6-дан 45.8-ге дейін), әлеуметтік қызмет (33.6-дан 38.9-ға дейін), рөлдік шектеулер (52.3-тен 55.1-ге дейін), көлік жүргізу (24.3-тен 30.4-ке дейін) және түсті ажырату (29-дан 34.9-ға дейін) көрсеткіштері жоғарылады. Жалпы өмір сапасының бағасы 38.4-тен 42.1-ге дейін артты ($p<0,001$).

4. Алынған нәтижелер негізінде, МСАК деңгейінде глаукомамен ауыратын науқастарды динамикалық бақылауды жетілдіруге бағытталған

ғылыми негізделген ұсынымдар әзірленді. Атап айтқанда, глаукома мектебін ұйымдастыру, медициналық қызметкерлердің біліктілігін арттыру, науқастардың емдеуді ұстануын күшейту және денсаулық сақтау жүйесіндегі алдын алу шараларын дамыту бойынша шаралар ұсынылды. Бұл өз кезегінде аурушаңдық және мүгедектік көрсеткіштерінің төмендеуіне, науқастардың емдеуді ұстануға, өмір сүру сапасының артуына, денсаулық сақтау жүйелеріне жүктеменің азаюына және қоғамдық денсаулықтың нығаюына әкеледі.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. Алғаш рет Ақтөбе облысында глаукомамен ауыратын науқастардың аурушаңдық және мүгедектік көрсеткіштеріне ретроспективті талдау жүргізіліп, глаукома таралуының аймақтық ерекшеліктері мен қауіп факторлары анықталды.

2. Алғаш рет глаукомамен ауыратын науқастарды медициналық-санитариялық алғашқы көмек деңгейінде динамикалық бақылауға қатысты ұйымдастырушылық мәселелер жүйеленіп, талданды.

3. Алғаш рет медициналық-санитариялық алғашқы көмек деңгейінде науқастарға арналған «Глаукома мектебі» білім беру бағдарламасы әзірленіп, оның емдеуді ұстануды арттыруға және науқастардың өмір сүру сапасын жақсартуға әсері бағаланды.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы:

1. Глаукомамен ауыратын науқастарды медициналық-санитариялық алғашқы көмек деңгейінде динамикалық бақылауды жетілдіруге арналған ғылыми негізделген ұсыныстарды әзірлеу, аталған көмектің құрылымы мен ұйымдастырылуы туралы теориялық білімді тереңдетуге ықпал етеді.

2. Глаукоманы емдеуде науқастардың емдеуді ұстануына әсер ететін факторлар мен олардың өмір сүру сапасымен өзара байланысы туралы білімді жүйелендіру - медициналық профилактика теориясын және денсаулық сақтаудағы науқасқа бағытталған тәсілді дамытуға өз үлесін қосады.

3. Науқастардың өз ауруы туралы хабардарлығын арттыруға бағытталған білім беру бағдарламаларын әзірлеуге негізделген әдістемелік базада, созылмалы жұқпалы емес аурулардың алдын алу және басқаруға бағытталған зерттеулерде пайдаланылуы мүмкін.

4. Ақтөбе облысында глаукомамен ауыратын науқастардың аурушаңдық және мүгедектік көрсеткіштеріне ретроспективті талдау жүргізу аймақтық деңгейде аурудың алдын алудың тиімді шаралары мен ерте анықтау стратегияларын әзірлеуге және енгізуге мүмкіндік береді.

5. «Глаукома мектебі» білім беру бағдарламасын енгізу науқастардың өз ауруы туралы хабардарлығын арттыруға, олардың емдеуді ұстануын жақсартуға, сонымен қатар аурудың асқыну қаупін төмендетуге және өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді.

6. Динамикалық бақылауды жетілдіру бойынша әзірленген ғылыми негізделген ұсыныстар медициналық-санитариялық алғашқы көмек тәжірибесіне енгізілуі мүмкін, бұл глаукоманың ағымын бақылауды жақсартуға, сондай-ақ кеш диагностикалау мен тиімсіз емдеуге байланысты асқынулардың жиілігін азайтуға мүмкіндік береді.

7. Глаукомамен ауыратын науқастарды динамикалық бақылауға қатысатын медициналық қызметкерлердің біліктілігін арттыру біздің енгізген ғылыми негізделген ұсыныстар арқылы медициналық көмектің сапасын жақсартуға ықпал етуі мүмкін.

Докторанттың жеке үлесі:

Автордың жеке үлесі зерттеудің теориялық және методологиялық бағдарламасын әзірлеуден, зерттеу мақсатын, міндеттерін қалыптастырудан, зерттеуді ұйымдастыру және жүргізуден, зерттеу жұмыстарының барлық кезеңдеріне тікелей қатысудан: деректерді статистикалық өңдеу, диссертация бөлімдерін жазу, нәтижелерді интерпретациялау және талқылау, қорғалатын тұжырымдамаларды қалыптастырудан, сондай-ақ қорытындылар мен тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеуден тұрады.

Диссертация нәтижелерін апробациялау: Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері келесі ғылыми іс-шараларда ұсынылды:

«Қазіргі заманғы медицина: жаңа тәсіл және өзекті зерттеулер» халықаралық конференциясы (Ақтөбе, 20 қазан 2021 ж.); «Медицинаның өзекті мәселелері және қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау саясаты бойынша IV спутниктік форум» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы (Баку, Әзірбайжан, 27-28 сәуір 2023 ж.); «Ғылым: кеше, бүгін, ертең» жас ғалымдардың LXII халықаралық ғылыми конференциясы (Ақтөбе, 2023 ж.);

Диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша жарияланған жұмыстар:

Диссертация тақырыбы бойынша 24 ғылыми жұмыс басылымға шықты, оның ішінде: Scopus пен Web of Science Core Collection мәліметтер базасына кіретін халықаралық журналдардағы мақалалар – 2; ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдардағы мақалалар – 4; Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардағы тезистер – 11; Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік – 7.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі:

Диссертация мазмұнынан, анықтамалар, шартты белгілер мен қысқартулардан, кіріспеден, әдебиеттік шолу, зерттеу әдістері мен материалдарынан, зерттеу нәтижелері мен талқылаулардан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертациялық жұмыс компьютерлік терімнің 155 бетін құрайды. Құрылымы 32 кесте және 34 суреттен тұрады. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 231, оның ішінде 48 отандық әдебиеттер, 183 шетелдік әдебиеттерден тұрды.